

Телекоммуникациялар топтарын қорғау Ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бекітілген 1996 жылғы 7 қараша N 270. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қаңтарда N 245 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 қарашадағы N 264-п бұйрығымен.

-----бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Заңының 40 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына және "Телекоммуникация желілерін қорғау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1010 қаулысына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілер тізілімінде 1997 жылғы 16 қаңтарда N 245 болып тіркелген "Телекоммуникация желілерін қорғау Ережесін бекіту туралы" 1996 жылғы 7 қараша N 270 бұйрығы күшін жойды деп танылсын...

Т ө р а ғ а м . а

1. Телекоммуникациялық (кабельдік, радиорелейлік, әуе байланысы және радиоландыру жүйелері) топтарының бүлінуі телекоммуникациялардың қалыпты жұмыс істеуіне нұқсан келтіріп, халық шаруашылығына және ел қорғау істеріне зиянын тигізетіндігі ескеріліп, оларды қорғау мақсатымен осы ережелер енгізілді .

2. Кабельдік және әуе байланысы, сондай-ақ радиоландыру желілерінің т р а с с а л а р ы н д а :

а. мынадай қорғау аумақтары белгіленеді:

- жер асты кабелі және әуе байланысы, сондай-ақ радиоландыру желілері үшін - жер асты кабель трассасының және әуе байланысы желісінің шекті сымдарының әрбір жағынан 2 метр қашықтықта жүргізілетін оларға параллель сызықтармен шектелетін жер участкасы ретінде;

- теңіз асты байланыс кабель желілері үшін - трассаның екі жағынан 0,25 теңіз милі (7,4 км) арқылы теңіз табаны мен оның айдынының беті аралығында тұрғызылатын параллель жазықтықтар аралығындағы кеңістік ретінде; кемелер жүретін және сол жүргізілетін өзендер, көлдер, су қоймалары, арналар арқылы өткізілетін байланыс кабельдері үшін - трассаның әрбір жағынан 100 м

қашықтықта тұрғызылатын параллель жазықтықтармен шектелетін кеңістік р е т і н д е ;

- кабельдік байланыс желілерінің күтілмейтін жер асты және жер үсті күшейткіш пункттері үшін - күшейткіш пункттерінен немесе олардың төмпешіктерінің және олардың жабдықтарын жерге қосу контурлары участкаларының шекараларынан 3 м қашықтықты қамтып қоршалатын тұйық с ы з ы қ р е т і н д е ;

- қалалардан тыс жерлерде жер асты байланыс кабелі желілерінің трассасының бағдар көрсеткіші болып табылатын өлшеу бағаналары қойылады. Қалалар ішінде жер асты байланыс кабелі желілерінің трассасы техникалық құжаттар бойынша анықталады ;

- теңіздер, кеме жүретін және сал жүргізілетін өзендер, көлдер, су қоймалары және каналдар арқылы жүргізілетін кабельдік байланыс желілері трассаларының қорғау аймағы - кабельдердің енгізілетін (шығарылатын) жағалауларында сигналдық белгілер арқылы көрсетіледі. Теңіз асты байланыс кабель желілерінің трассасы "Теңіз жүргізушілер хабарламасында" көрсетіліп, теңіз карталарында б е л г і л е н е д і .

Ормандар мен қолдан ағаштар отырғызылған көгалдандыру аймақтарында:

- кабель байланыс желісі үшін кеңдігі 4 м-ден кем болмайтын ағаштары қырқылған алаптар жасалады ;

- әуе байланысы және радиоландыру желілері үшін:

- ағаштарының биіктігі 4 м-ден аспайтын аймақтарда - кеңдігі шеткі сымдардың әрбір жағынан 2 м қашықтықтан (4м) тұратын ;

- ағаштарының биіктігі 4 м-ден асатын аймақтарда - кеңдігі шеткі сымдардың әрбір жағынан 3 м қашықтықтан (6м) тұратын ағаштары қырқылған қорғау алаптары (просек) жасалады ;

- ағаштары жиі құлайтын аймақтарда қорғау алабының кеңдігі екі жақтан, шеткі сымдардың ара қашықтығына ағаштардың орташа биіктігін қосқанға тең болуы тиіс. Сонымен, қатар, қорғау алабының шетіндегі кейбір жеке ағаштармен ағаштар тобының биіктігі жалпы ағаштардың орташа биіктігінен асатын болса - ондай ағаштар қырқылатын болады ;

Телекоммуникациялар желісі парктер, бақтар және қорықтар арқылы өтетін жағдайларда өкілетті мемлекет органдарының келісімі негізінде қорғау алабының кеңдігін аз етіп алуға жол беріледі.

Орманды және ағаш өсірілген аймақтар алабын өрттен жүргізілетін телекоммуникациялар желілерінің қорғау алабын өрттен қауіпсіз жағдайда ұстау шаралары - телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын кәсіпорындары мен ұйымдардың күшімен жүзеге асырылады.

Парктер, бақтар, қорықтар, қалалар мен елді мекендер маңындағы көгалды

аймақтар, егінжайлар, автомобиль жолдары мен темір жолдары, өзендер мен арналарды, көлдер мен басқа да су қоймаларын қорғау үшін ағаштар отырғызылған аймақтар арқылы телекоммуникациялар желілерінің қорғау алаптарын салғанда оларға мүмкін болғанша аз нұқсан келтірілетін және олардың негізгі қорғау қасиеттері сақталатын болуы тиіс.

Сонымен қатар ондай жерлердегі қорғау алабында бұталар мен жас ағаштар қырқылмайтын, бос топырақтардағы, көлбеу беткейлердегі (15 градустан жоғары) және су шаятын жерлердегі ағаш (бұта) түбірлері қопарылмайтын болуы тиіс;

байланыс және радиоландыру қондырғылары мен өзендерінің орнатылуы тиісті ережелермен анықталатын болса да қондырғылардың жол берілетін ең жақын ара қашықтықтары белгіленеді;

3. Радиорелейлік байланыс желілерінің трассаларында радио толқындарының таралуына тосқауылдық әрекеттерін болдырмау мақсатымен ғимараттар мен түрлі қондырғылар тұрғызуға және ағаштар отырғызуға тыйым салынатын жеке участкалардың орындары мен шекаралары радиорелейлік желілер құрылысының жобаларында қарастырылады.

4. Телекоммуникациялық тораптарды қорғау алабының шегінде олардың иесі болып табылатын заңды тұлғалардың жазба түрдегі келісімінсіз мынадай жұмыстар жүргізуге тыйым салынады:

а) 0,3 м тереңдіктен асатын түрлі құрылыс, монтаж жұмыстарын және қопарылысты қажет ететін жұмыстарды жүргізуге; жер бетін бульдозер және экскаватор арқылы тегістеуге;

б) топырақ үлгісін алу мақсатымен скважина, шурф қазу арқылы жүргізілетін геологиялық түсіру, геодезиялық т.б. ізденіс жұмыстарына;

с) ағаштар отырғызуға, дала қостарын орналастыруға, мал ұстауға, материалдар, пішен және тыңайтқыштар жинауға, от жағуға және мылтық ататын жаттығу алаңын ұйымдастыруға;

д) автокөліктерінің, тракторлар мен түрлі механизмдер қойылатын орындар жасауға, олар жүріп өтетін жолдар жасауға, әуе байланыс және радиоландыру желілерінің астынан габариттен тыс жүктер алып өтуге;

е) кемелер, баржалар және жүзетін крандар тоқтайтын орындар жасауға, жүк арту, жүк түсіру жұмыстарын жүргізуге, су астын тереңдету және су асты батпағын қотару жұмыстарын жүргізуге, салбауыр (якорь) тастауға, кеме арқылы салбауыр, шынжыр трал, т.б. сүйретіп жүргізуге, балық аулайтын участкалар бөлуге, балық аулауға, басқа да су жануарларын өсіруге және балық ұстау құралы болып табылатын өсімдіктер өсіруге, суаттар жасауға, мұз жаруға және мұз дайындауға;

ж) кабель трассасы өтетін еспе құм участкаларында жұмыстар жүргізуге.

Автомобиль жолы мен темір жолдарға бөлінген алаптардағы әуе байланыс

және радиоландыру желілерінің алаптарын автомобиль жолы мен темір жол иелері байланыс және радиоландыру желілерінің иесі болып табылатын заңды тұлғалардың келісімінсіз өз қажетіне пайдалана алады, бірақ ол желілердің сақталуы міндетті түрде қамтамасыз етілуі міндетті.

Телекоммуникациялар тораптарының қорғау аумақтарының және орманды жерлердегі қорғау алабының шегінде жұмыс жүргізілген жағдайда олардың желілерінің бүлінбеуін қамтамасыз ететін шарттарды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілейді (құрылыс жұмысы бөлігі - Қазақстан Республикасы аймағында тұрғын үй және құрылыстар салу министрлігі жанындағы мемлекеттік архитектуралық-құрылыстық бақылау департаментімен келісіледі).

5. Учаскалары арқылы телекоммуникациялар тораптары өтетін жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың сол тораптардың иесі болып табылатын заңды тұлғалардың жазбаша рұқсатынсыз олардың қалыпты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қандай да болмасын әрекеттеріне тыйым салынады.

Д е л і р е к а й т қ а н д а :

а) телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлғаның келісімі бойынша ғимараттарда, көпірлерде, коллекторларда, метро туннельдерінде және темір жолдарда орналасқан әуе байланысы және радиоландыру бағаналарын, кабельдік жәшіктерді және тарату қораптарын телекоммуникациялар тораптарының құрылысшылары алдын ала басқа орындарға ауыстырғанға дейін айтылған объектілерді қайта құруға және бұзуға;

б) өлшеу және сигнал белгілерін бүлдіруге немесе көміп тастауға, жер асты кабель желісінің трассасына үлкен салмақты (5 тоннадан жоғары) заттарды биіктіктен тастауға, сол трассалар үстінен қышқылдардың, тұздардың және сілтілердің ағуына жол беруге;

с) күтілмейтін (жер асты және жер үсті) күшейткіш пункттерінің, радиорелей станцияларының, телефон канализациясы құдықтарының, тарату шкафтарының және кабель жәшіктерінің қақпақтарын немесе есіктерін ашуға, сондай-ақ қатысы жоқ тұлғалардың телекоммуникациялық тораптарға аппараттар арқылы қ о с ы л у ы н а ;

д) телекоммуникациялар тораптарына нұқсан келтіретін басқа да әрекеттер жасауға (мысалы, әуе байланыс желісінің бағаналарын және арматураларын сындыру, сымдарын үзу, олардың үстіне бөтен заттарды ілу т.б.) - тыйым с а л ы н а д ы .

6. Телекоммуникациялар тораптарының трассасындағы қорғау аймағына және орманды жерлердегі ағаштары қырқылған қорғау алабына жататын жерлер жер иеленушілер және пайдаланушылар иелігінен алуға жатпайтын. Оларды пайдалану, осы ережелердің 4 және 5-пункттерінде келтірілген талаптарды

орындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Өздеріне пайдалануға берілген жер участкалары арқылы телекоммуникациялар тораптары өтетін заңды және жеке тұлғалар (жерді иелену нысандарына қарамастан):

а) телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлғаның басталу уақыты жүргізілетін орны көрсетілген келісімінсіз және оның өкілінің қатысуынсыз пайдалануындағы жер участкаларында геологиялық және геодезиялық барлау, тағы сол сияқты ізденіс жұмыстар жүргізуге жол берілмейді.

8. Телекоммуникациялар тораптары қарауында болатын заңды тұлғалардың техникалық қызметкерлерін телекоммуникациялар желісінің қорғау аумақтары бойынша жүріп өтуіне, ал жөндеу - қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде көлікпен өтуіне кедергісіз хұқық беріледі.

Егер телекоммуникациялық тораптар тыйым салынған аймақтар және арнайы объектілер аймағы арқылы өтетін болса, онда тиісті ұйымдар сол тораптарға қызмет көрсететін заңды тұлға қызметкерлеріне тәуліктің кез келген уақытында байқау және жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызатын рұқсат қағазын беруге міндетті.

Заңды тұлғалар өздерінің меншіктік нысанына қарамастан өз қызметкерлері үшін телекоммуникациялар тораптарының иесі тарапынан қорғау - түсініктемелер жүргізуіне көмектесуге міндетті.

9. Қарауында телекоммуникациялар тораптары бар заңды тұлғалар қорғау алаптарында:

а) байланыс және радиоландыру желілерін күтіп-қадағалауға қажетті жолдар, көпірлер, тағы басқа қондырғылар салуға;

б) телекоммуникациялық тораптарды жөндеу үшін шұңқырлар, арықтар, қазан шұңқырлар қазуға;

с) орманды және ағаш өсірілген аймақтарда қорғау алабының белгіленген кеңдігін қамтамасыз ету үшін ағаш бұтақтарын кесуге;

д) жер асты құрылыстарының бар екендігін көрсететін және жер жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда байланысшылар өкілін шақырудың қажеттігін көрсететін хабарландыру тақталарын орнатуға рұқсат беріледі.

Автомобиль жолдары мен темір жолдардың қорғау аймақтарында а және б тармақшаларында көрсетілген жұмыстар сол жолдардың басшы орындарының келісімі бойынша жүргізіледі.

Орманды аймақтардан өтетін телекоммуникациялар желілерінде авария орын алған жағдайда оны жою үшін трассаларға жақын орналасқан жеке ағаштарды қыркуға рұқсат беріледі, ондай ағаштардың қыркылғандығы туралы мемлекеттік өкілетті орындар (мемлекеттік экология және биоресурстар органы) хабардар

10. Ауыл шаруашылығының егін даласы арқылы өтетін телекоммуникациялар тораптарын жоспарлы жөндеу жұмыстары әдетте, егін егілмей тұрған мезгілдерде жүргізілуі Телекоммуникациялар тораптарында орын алған аварияны жою және пайдалану барысындағы күту жұмыстары кез келген у а қ ы т т а жү р г і з і л е д і .

Көрсетілген жұмыстар орындалғаннан кейін телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлға бүлінген жерлерді ауыл шаруашылығында қайта пайдалануға болатындай қалпына келтіруге және жер участкасының, меншіктік иесі мен жер пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Келтірілген зиян көлемін анықтау - Қазақстан Республикасының қолданылудағы заңдары бойынша анықталады.

11. Телекоммуникациялық тораптарды жөндеу және қалпына келтіру үшін жүргізілетін жол төсеніштерін алу және жер қабатын ығыстыру жұмыстары олардың жүргізілу шарттары тиісті жол мекемелерімен, ал қала ішінде - жергілікті үкімет орындарымен және тиісті басқармалармен алдын ала келіскеннен кейін жүргізіледі. Көрсетілген жұмыстардың жүргізілу шарттары олар туралы сұраныс түскеннен кейін үш күннен кешікпей телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлғаға берілуі тиіс.

Егер телекоммуникациялар тораптары бүлінген жағдайда бүлінген участканы айналып өту арқылы байланыс ұйымдастыруға болмайтын болса, онда жол төсеніштерін ашу және жер қыртысын-ығыстыру жұмыстары алдын ала келісілмей-ақ жүргізіледі, бірақ жол мекемелері, жергілікті үкімет орындары және басқармалар өкілдері міндетті түрде шақырылады.

Мұндай жағдайда жұмыс жүргізуші кәсіпорны (мекеме) авария орын алған жерді уақытша айналып өтетін жолдар жасап, көліктер мен жаяу адамдар үшін тиісті көрсеткіштер орнатуға міндетті.

Жол төсеніштерін қалпына келтіруді - телекоммуникациялар, тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлға жүзеге асырады.

12. Телекоммуникациялық тораптарды тас жолдармен, темір жолдармен, құбырлармен, кеме жүретін және сол жүргізілетін өзендермен, көлдермен, су қоймаларымен, арналармен қиылысатын жерлерде, өндіріс кәсіпорындарының аймақтарында, аэродромдарға жақындаған аймақтарда пайдалану тәртібі - телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлға тарапынан аталған объектілер иелігіне кіретін кәсіпорындарымен және ұ й ы м д а р м е н к е л і с і л е д і .

13. Жобаланатын ғимараттар мен қондырғылардың құрылыс аймағы арқылы телекоммуникациялар желісі өтетін жағдайларда ондай объекттердің құрылыс жобалары мен сметаларында телекоммуникациялар тораптарының иесі болып

табылатын заңды тұлғалармен келісілген сол тораптардың сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қарастырылуы тиіс.

14. Телекоммуникациялық тораптар желісінің қорғау аумақтарына жақын жерлерде сол тораптарға қандай да болмасын нұқсан келтіретін жұмыстар жүргізілетін заңды және жеке тұлғалар, меншіктік нысанына қарамастан:

а) телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлғалармен айтылған жұмыстардың жүргізілу тәртібін қарастыратын келісім ж а с а у ғ а ;

б) телекоммуникациялар тораптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ш а р а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ғ а ;

е) телекоммуникациялар тораптарының иесі болып табылатын заңды тұлғаларды жұмыстың жүргізілу уақыты мен орны туралы және жұмыстың жүргізілуін бақылау тәртібі туралы хабардар етуге;

д) жер қазу жұмыстарын қатаң түрде телекоммуникациялар торабының иесі болып табылатын заңды тұлға өкілінің қатысуымен жүргізуге - міндетті.

15. Жер қазу жұмыстарын жүргізетін заңды және жеке тұлғалар, меншіктік нысанына қарамастан, жұмыс кезінде сол жұмысты жүргізуге арналған техникалық құжаттарда көрсетілмеген жер асты кабелін байқаған жағдайда оның бүлінбеуін қамтамасыз етумен қатар, ол туралы таяу маңдағы байланыс кәсіпорнына (ұйымына) хабарлауға міндетті.

16. Кеме салдауырымен немесе балық аулау жабдықтарымен су астынан кабель көтерілген жағдайда кеме капитаны (корабль командирі) салдауырдың немесе балық аулау жабдығының шығын болуына қарамастан кабельдің бүлінбеуін қамтамасыз ету шараларын қолданып, одан босану әрекеттерін жасауға міндетті. Кеме капитаны (корабль командирі) су асты, кабелінің көтерілгендігі туралы уақиғаның қай уақытта және қандай координатта орын алғанын айтып, радиомен таяу маңдағы портқа хабарлайды. Кабельдің кездейсоқ көтерілгендігі жөнінде хабар қабылдаған порт ол туралы таяу маңдағы байланыс к а с і п о р н ы н а х а б а р л а й д ы .

17. Жергілікті атқарушы органдар телекоммуникациялар желісі өтетін участкаларды құрылыс жүргізу үшін басқа тұлғаға беруге шешім қабылдаған жағдайда ол тұлғадан телекоммуникациялар торабының иесі болып табылатын заңды тұлғамен құрылыс жүргізу тәртібі туралы келісуді талап етуге міндетті.

18. Жергілікті атқарушы органдар және жер участкаларының меншіктік иелері телекоммуникациялар желісі өтетін, участкаларды жеке меншікке сатқан жағдайда сатып алушы жеке тұлғаға немесе шаруашылық жүргізуші субъектке сатылатын участка арқылы телекоммуникациялар желісі өтетінін, олар тарапынан осы ережелер талаптарының мүлтіксіз орындалуының қажеттігін е с к е р у г е м і н д е т т і .

19. Телекоммуникация тораптарын атқарушы техникалық мамандар егерде осы торапты жүйелерден басқа мекемелердің кесірінен болған кінәраттарды тапса, олар жергілікті атқарушы органдарға, сонымен қоса прокуратура немесе ішкі істер органдарына шағым жасауға міндетті.

20. Телекоммуникациялар тораптарын қорғау ережелерінің талаптарын орындамаған айыпты, сондай-ақ сол тораптардың қалыпты жұмысына нұқсан келтірген лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК